

нашего отечества / под ред. В.П.Семенова., сост. А.Н.Седельников, Л.П.Осипова, А.Н.Букейханов. – Санкт-Петербург, 1903. Т.18. – С. 138-175.

8.Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах : Австро-Венгрия. Россия. Германия / Под ред. А.И.Кастелянского. – Санкт-Петербург: Изд. Т-ва«Общественнаяпольза», 1910. – 821с.

9.Kazakhs on russian before 1917. Society for Central Asian Studies.A.Bukeykhanov, M.Dulatov, A.Baytursun, T.Ryskulov. Reprint series №5. Oxford, 1985.

10.Киргиз-кайсақ. Судьба киргизского землепользования. // «В мире мусульманства». – С.-Петербург, 1911. –21 октября (3 ноября). – №27.

11.К.Степняк. Материалы к истории султана Кенесары Касымова // Под ред. проф. Поливанова и д-ра Досмухамедова. – Ташкент : Туркестан. гос. изд-во, 1923. – 12 с.

12.Кенисарин А. Султаны Кенесара и Садык. // Издание Сыр-Дарьинского областного статистического комитета / Обработано для печати и снабжено примечаниями Е.Т.Смирновым. – Ташкент, 1889. – 136 с.

13.Шестаков. Қыр баласы. 1916-1926. // Кеңес одағындағы елдерің кіндік баспасы. – Мәскеу, 1926. – 22 б.

14.Казакі. Антропологические очерки. / С.Ф.Баронов, А.Н.Букейханов, С.И.Руденко// Издание особого комитета академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 3. Ленинград, 1927. – 221 с.

15.Қыр баласы. Бекет Батыр. // «Темірқазық». – Мәскеу, 1923. – №1. – 34 б.

16.Қыр баласы. Мырза Едіге. // «Темірқазық». – Мәскеу, 1923. – №1. – 35 б.

17.Марабай. Ер Тарғын. // Ұлттар комиссариаты қарамағындағы күншығыс баспасөз кеңесі / Түзетіп, басқарған: Қыр баласы. – Мәскеу, 1923. – 72 б.

18.В.В.Радлов. Қозы Көрпеш-Баян. // СССР халықтарының кіндік баспасы / Жазып алған: Қыр баласы. – Мәскеу, 1924. – 60 б.

19.Ер Сайын. // Ұлттар комиссариаты қарауындағы күншығыс баспасы / Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткізуші: Байтұрсынұлы Ахмет. – Мәскеу, 1923. – 95 б.

20.23 жоқтау: Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады // Кеңес одағындағы елдердің кіндік баспасы/ Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет, Қыр баласы. – Мәскеу, 1926. – 156 б

1927 ЖЫЛҒЫ Н. НҰРМАҚОВТЫҢ ЖАЗҒАН ЕҢБЕГІ

Өскембаев Қ.С.

Астана халықаралық университетінің т.ғ.к, профессоры
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

k.uskembayev@gmail.com

Нығмет Нұрмақұлы Нұрмақов (25.04.1895 – 27.09.1937 жж.) - мемлекет және қоғам қайраткері, Қырғыз (Казак) АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы (1924-1929 жж.). Мақалада Нығмет Нұрмақұлының 1927 жылы Қызылордада баспадан шыққан «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті» атты кітабына қысқаша шолу беріледі.

Ныгмет Нурмакович Нурмаков (25.04.1895-27.09.1927 гг.) – государственный и общественный деятель, председатель Совета Народных Комиссаров Киргизской(Казакской) АССР (1924-1929 гг.). В данной статье дается краткий обзор на книгу Ныгмета Нурмакова «Внешняя политика Советского Союза и задачи общества ОСОАВИАХИМ», изданную в Кызылорде в 1927 году.

Nigmat Nurmakovich Nurmakov (25.04.1895-27.09.1927) - state and public figure, chairman of the Council of People's Commissars of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR (1924-1929). This article gives a brief overview of Nigmat Nurmakov's book "The Foreign Policy of the Soviet Union and the Tasks of the OSOAVIAKHIM Society", published in Kyzylorda in 1927.

Мәселе, Н. Нұрмақовтың 1927 жылы Қызылордада араб жазуымен баспадан шыққан «**Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті**» кітабы жайлы болмақ[1]. Кітап: «*Кеңес Одағының сыртқы жайы*», «*Ағылшын мен Кеңес Одағының арасы үзілу мен ойламаған жерден болып қалған іс емес*», «*Екі мемлекет арасындағы саясат қатынасы үзілу мен ашық соғыстың арасы бір-ақ адым*», «*Жиһангерлер жолында үлкен кедергі болып тұрған Қытай мен Кеңестер Одағы*», «*Жиһангерлер кеңес үкіметімен соғысуға даярланып отыр*», «*Ендігі соғыс бұрынғы соғыстардай болмайды*», «*Осоавиахим қоғамының міндеті*», «*Біз күшімізді жаудың күшіне қарай дайындауымыз керек*»- деген бөлімдерден тұрады. Оның бұл еңбегінің қай бөлімін қарасаңыз да, сол кезеңдегі сыртқы саясаттың қаншалықты күрделі болғанын және автор КСРО-ның басқа мемлекеттермен арақатынасты орнатудағы басымдықтарын, міндеттерін көрсетеді, өзінің жеке көзқарастарын білдіреді.

1924-1925 жж. Кеңес Одағын танитындары туралы Англия, Италия, Австрия, Греция, Норвегия, Дания, Франция, Жапония, Қытай, Мексика т.б. мемлекеттер ресми жариялады. Мұндай шешімді жалғыз **Америка Құрама Штаттары қабылдамады (1933 ж.)**. Соған қарамастан осы жылдар КСРО-ң дипломатиялық оқшаулануының аяқталу кезеңі болды.

1920-шы жылдардың екінші жартысында қалыптасқан жағдайды пайдаланып, Кеңес үкіметі халықаралық аренада белсенді саясат жүргізе бастады. Оның басты мақсаттары: капиталистік мемлекеттермен экономикалық қатынастарды кеңейту, карусыздандыру және халықаралық қауіпсіздендіру проблема-

ларын талқылау т.б. шаралар еді.

1925 жылы Батыс мемлекеттері Германияның шекарасына кепілдік беретін Рейн пактін қабылдады. Бұл құжатты өзіне қарсы бағытталған деп шешкен Кеңес Одағы өзінің көршілес мемлекеттерімен жауласпау туралы шарттарға қол қойды. Олардың ішінде: Түркия, Ауғанстан, Иран, Латвия, Эстония, Литва, Польша және Финляндия болды. 1926 жылы КСРО және Германия шабуыл жасаспау және бейтараптылық туралы шартқа қол қойды[2,142-143].

1929-1933 жж. капиталистік мемлекеттерде өте күрделі экономикалық дағдарыс басталды. Бұл жағдай ірі державалар арасындағы қайшылықтарды күшейтті. Сонымен қатар Батыс мемлекеттері КСРО-ға қарсы арандатушылық саясатын жалғастырды. Олардың пікірінше, Кеңес Одағы халықаралық нарықта тауарларды демпинг (*экспорттер-өндірушілердің сыртқы рынокта тауарларын ішкі бағадан төмен бағамен сатуы*) бағасымен сатып, экономикалық дағдарыстың қалыптасуына, еңбекшілердің әлеуметтік жағдайының нашарлауына әсер етті деген ұғым пайда болды. Шетел ақпарат құралдары Кеңес Одағындағы оппозицияны қудалауды, атеистік саясатты, тағы басқа жағдайларды қатты сынға алды. Осыған байланысты Рим папасы Пий XI КСРО-ға қарсы «крестшілер жорығын» жариялады. Ал АҚШ, Франция, Бельгия, Канада үкіметтері кеңестік экспортқа қарсы әр түрлі шаралар қолданып, экономикалық блокада ұйымдастыруға тырысты [2,144-145]. 1920-жылдардың екінші жартысында Жапония билеушілері озбырлық саяси бағыт ұстады. Ең алдымен олар Қытайды әлсіретіп, оны тұтас өзіне қаратып, содан кейін басқа елдерді бағындыруды көздеді (Танака меморандумы). Ол үшін әскери күшін молайтуға, теңіз флотын ұлғайтуға кірісті. 1929-1933 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдары Жапония біраз қиыншылықты бастан кешірді. Қытайдағы ішкі тартыстар мен бытыраңқылық Жапон империалистерінің басқыншылық әрекетіне жеңілдік туғызды. Жапония 1931-1932 жылдары Қытайдың солтүстік-шығыс өлкелерінде Маньчжоуго қуыршақ мемлекетін құрып, оны өз қамқорлығына алды. Бұл жерде жапон қарулы күштері шоғырланып, шекаралас КСРО және Моңғол Халық Республикасына қауіп төндірді.



Н. Нұрмақовтың 1927 жылы Қызылордада баспадан шыққан «**Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті**» атты кітап мұқабасы. <https://kazneb.kz/en/book/view/view?brId...>

Сол кезеңдегі кеңестер одағының және әлемдегі сыртқы саясатты өте жақсы түсінген Н. Нұрмақов, қылышынан қан тамып, аузын ашқанның тілін жұлып алатын кезеңдегі оқиғаларға сәйкес өзінің ойларын білдіретін бірнеше шығармалар жазғанын бүгіндер біздер, енді біліп жатырмыз. Десек те, солардың соқталысы 1927 жылы Қызылордада баспадан шыққан **«Кеңестер Одағының сыртқы жайы және ОСОАВИАХИМ қоғамының міндеті»** атты кітабы еді (*ОСОАВИАХИМ – қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа көмек қоғамы – КСРО-да 1927-1948 жж. құрылған жаппай ерікті қоғамдық әскери-патриоттық ұйым – Ө.Қ.*).

Неге екені белгісіз, бұл кітап жайлы (бірлі-жарым айтқандар болмаса) жақ ашқандар өте аз. Бұл туынды сол кездегі ғаламға қатер төндірген әлемнің күшті алдыңғы қатарлы елдері мен соның саясатының құрбандары жайлы мәліметтер береді. Әлемге айбат шеге бастаған КСРО-ның да саясатын ашық көрсетеді. Көрсетіп қана қоймай, отарлаушы империялардың қабырғаларының сөгіліп, шаңырақтарының ортасына түсетінін болжайды. Тұспалмен емес, ашық айтады, ашық жазады. Біз төменде Н. Нұрмақовтың осы мәселелерге байланысты жазған, сол кездегі ойларын толық беруге ұмтылдык.

Мысалы, 1923 жылдан КСРО және Англия арасындағы қатынастар шиеленісе түскен болатын. Сол 1927 жылға дейінгі Кеңестер одағының сыртқы саясаты жайлы айта келіп ол соңғы уақытта жер үстінде болған оқиғалардың ең ірісі Ағылшын мен Кеңестер Одағының арасындағы келісімнің бұзылып, саясат қатынастарының тоқталып отырғаны дейді. *«...Бұл оқиғаларға дүние жүзі өте – мәте көңіл бөліп, назарын салып отыр. Себебі, Ағылшын мен Кеңестер Одағы сықылды екі мемлекеттің арасы осы күйінде көпке дейін тұруға мүмкін емес. Ағылшынның қара жүрек үкіметі қатынасты үзумен ғана тоқталмайды. Бүгін болмаса ертең Кеңестер Одағына қарсы, не өзіне айтқанын істеп, айдауына жүретін бір мемлекетті айтаққа салып, соғыс майданын ашады. Осы күнгі заманның түріне қарағанда болашақтағы соғыс екі мемлекеттің арасында болып қана қоюы мүмкін емес, келешектегі болғалы тұрған соғыс 1914-інші жылдағы соғыстан күшті, жалпы жер жүзінің соғысы болуы мүмкін. Жер жүзі осы кезде оқ-дәрінің қоймасы тәрізді. Кішкене ұшқын түсіп кетсе, жарылып кеткелі тұр. Ағылшынның жүзі қара ескішілдері Кеңестер Одағымен қатынасты үзіп, дүниенің оқ-дәрі қоймасына шоқ тастап отыр. Адам баласы ағылшын капиталшыларын бастаған ескішілдердің сойқанынан үлкен апатқа ұшырағалы тұр. Міне, бүтін жұрттың Ағылшын мен Кеңестер Одағы арасында болып жатқан оқиғаға көзін тігіп, қарап тұруының себебі осы...»*

...Ағылшын капиталшыларының бастығы ескішілдердің жатса – тұрса ойлайтыны Кеңес мемлекетін жою»[3,21] - деп түйіндеп болашақ соғыстың дүниежүзілік соғыс болатынын, оның эпицентрінде Англия мен Кеңестер Одағының тұрғанын баса айтады.

Басқалармен қабат ағылшын үкіметі де 1921-інші жылы Кеңестер Одағымен сауда келісімін жасасып, саясаттық қатынасқа келісті.

Келісім жасалғанның соңынан екі мемлекет қатты араласып кетпесе де, арадағы шешілмей жүрген мәселелер бір жайлы болып, екі жұрттың татулық, тыныштық қамы істелсе керек еді. Бірақ іс жүзінде олай болмай шықты. Сауда келісімін жасауын жасаса да, ағылшын үкіметі ішінен дұшпандығын қалдырмады. Қалай болса да Кеңес үкіметін жою мақсатын тастамады. Бір қолымен келісімге қол қойып отырып, екінші қолымен оны бұзудың қамын істей берді. Жұрт алдында, ең әуелі өзінің еңбекшілерінің алдында ақталу үшін бар жаманатты Кеңес үкіметінің мойнына артпақ болып, келісім жасалғанның ертеңіне-ақ Кеңес үкіметіне әр түрлі орынсыз кінәлар қоя бастады. Кеңес үкіметін жұрттан шыққан бұзақы қылып көрсету үшін ағылшын мемлекетінің басына түскен бәленің бәрін «қаскүнем» большевиктердің істеп отырғаны деп жұртқа жайды. Өз ішіндегі жұмыскерлердің ереуілдерін, отардағы күншығыс жұрттарының көтерілістерін Кеңес үкіметінің «бұзғыш» большевиктердің нұсқауымен істеліп отырған іс деп жариялады. Бұл сияқты жалаларды дәлелдеу үшін шеттегі қашқын ақтар арқылы (*азамат соғысы жылдары эмиграцияға кеткендер – Ө.Қ.*) өтірік фалш (*жалған – Ө.Қ.*) қағаздар жасап, неше түрлі зұлымдықты Кеңес үкіметіне жапсырды да отырды» [3,22]. Қарап отырғанымыздай Н. Нұрмақовтың

жазғанынан, бұл екі елдің арасындағы тұрақсыз саясаттың тағы бір қырларын байқап қаламыз.

Осы жерде Н. Нұрмақов ағылшындардың кеңес үкіметіне қарсы жүргізген кейбір арандатушылық іс-әрекеттерін де тізіп, баяндайды. Мысалы, Қытайдағы Жанзалин, ағылшынның Фикис тәрізді арандатушылар сол елдердегі елшілер үйіне, сауда мекемелеріне тінту жасатып, талаттырып, ойына келген жолсыздық, бассыздық істерін айыптайды. «...Пекин мен Шанхайдағы елшілеріміздің үйлері, Лондондағы сауда мекемелеріміз таланғанын, Жанзалиннің қолында тұтқын болып жазықсыз адамдарымыздың отырғанын жұрт біледі. Міне, ағылшын үкіметінің келісім жасап отырып істеген істері, жүргізген саясаты осы. ... Ақырында дегеніне жетіп, **шару**п келісімін бұзып, қатынасты үзіп отыр» - деп екі мемлекет арасындағы орын алған мәселелердің бейбіт түрде және ашық диалог форматымен шешілмейтінін нақты айтады[3,23].

Егер, сол кездегі тарихқа шолу жасасақ 1927-1928 жылдары КСРО халықаралық аренаға бірнеше ұсыныстармен шыққан екен. Олардың ішінде толық қарусыздандыру туралы декларация және қару-жарақты қысқарту конвенциясын ерекше атау керек. Бірақ бұл бастамалар Батыс мемлекеттерінен қолдау таппады. Осыған қарамастан Кеңес Одағы мемлекетаралық мәселелерді шешуде соғыстан бас тарту туралы АҚШ пен Францияның ұсыныстарымен қабылданған 1928 жылғы Бриан-Келлог пактіне қосылғаны туралы мәлімдеме жасады[2,143]. Әрине, Кеңес мемлекетінің бұл ұсыныстары халықаралық аренада бейбітшіл держава ретінде өзінкөрсету үшін қолданған арзан саяси ойынына ұқсайды.

Осыған байланысты Н.Нұрмақов КСРО саясатын ақтай отырып, ағылшындар осы жолдан беті қайтпаса, енді бір адым ілгері басса, Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашқаны болады дейді. Ағылшындардың Кеңестер Одағына қойған кінәсі «Ресей сауда өкілдігінің қоғамы», «Аркус» үйінде жасалған тінту бұл ұйымның соғыс тыңшыларымен ағылшын мемлекетіне зиянды істер жүргізетін адамдарды жіберіп отырғанын, ағылшынға қарсы тыңшылық қылу, үгіт жүргізушілермен қатынасының бар екенін көрсетті...

«... Міне, ағылшын Сыртқы істер министрі Чемберлен «мырзаның» ұялмай – қызармай бізге қойып отырған кінәсі осы» [3,23]. Сөйтіп, Чемберленнің қойған айыптарының дәлелсіз, негізсіз құр жала екенін де айыптайды.

Англияның Кеңестер Одағымен қатынастарының үзілуінің себебі – әрине Аркус ұйымының ағылшынға қарсы «тыңшылық жасап, үгіт жүргізгендігінде» емес, ол құр сылтау үшін Чемберленнің ойынан шығарған тірегі. Бұл оқиға болуының түпкі себебі – байлар мемлекеттері мен Кеңестер Одағының көздеген мақсаттарының сәйкес болмауында. Бұл екі елдің саясатында бір – біріне қайшылықтар тудыратындығын негізгі себеп ретінде көрсетеді. Ол, өзінің ойын әрі қарай былайша өрбітеді: «...Ағылшын мемлекеті жиһангер байлар мемлекеті, байлар мемлекетінің негізі – кедейді, еңбекшіні бай адам, әлсізді әлді қолдану, езу, жеу, талау, еңбекшілер табын, артта қалған әлсіз жұрттарды езіп, талап тұрмаса, қолданбаса, капиталдың, байшылдықтың өңі кірмейді. Онсыз өмір сүруі де мүмкін емес. Бірақ үнемі капиталшылардың езуіне көніп, қанын сорғыза беруге жұмыскерлер, күншығыс ұлттары міндетті емес. Тұрмыс оларды **еріксіз әкеліп байларға қарсы күреске көтерді**. Біздің ұстаздарымыз Маркс, Ленин айтулары бойынша байлар мен еңбекшілер – езілгендер күресінде ылғый байлар жеңіп отыра алмайды. Ақырғы күресте үстемдік еңбекшілер жағында болу керек дейді. Міне, қазіргі уақыт бостандықты көксеген жұмыскерлер табы, азаттық іздеп төңкеріс жолына түскен ортадағы капиталшылардың табанында езілген күншығыс жұрттарының қарсы көтерілісі күннен-күнге күшейіп, дүние жүзінің капиталшылығы, әсіресе ағылшын жиһангерлерінің ілгері басқан аяғын кейін кетіріп, жиі дағдарыстарға ұшыратып, әлсіретіп тұрған кезі.

Ағылшын үкіметінің басындағы ескішілдер капитал дүниесін ие қылса да сақтамақ, қарудың күшімен езілген күншығыс жұрттарын отар күйінде ұстап қалмақ, жұмыскер табына шабуыл жасап, қызмет уақытын ұзартып, алатын ақысын кемітіп, байлардың қазынасын молайтып, күшейтіп, әлсіреген капиталды жандандырмақ, **400 миллион Қытай** жұртын тырнағынан шығарғысы келмей, ағылшын үкіметі мыңдап әскер, соғыс кемелерін

жіберіп қамап, төңкерісшіл Қытайды жаншып, табанына басуға даярланып жатқанын, оның **Мысырдағы ұлт төңкерістерін** қарудың күшімен қырып – жойып, басып отырғанын көріп отырмыз. Төңкерісшіл жұмыскерлер көтерілісі мен күресуді оңайлатуға жұмыскер ұйымдарына заң шығарып, әр түрлі қысымшылықтар істеп жатқаны жер жүзіне мәлімдеп, олардың дүниені уысынан шығармай, жолындағы кедергілерді күшпенен қиратып, жойып, өз билігін мықтап орнықтырмақ» - дейді. Ол ағылшындардың жолында бірден-бір үлкен кедергі болып тұрған елдер бұл Қытай мен Кеңестер Одағы болып тұр деп, қытайдағы ұлт-азаттық төңкеріс пен Кеңестер Одағының қуатыюлардың екпінін басатын бірден-бір күш екенін баса көрсетеді.

Сонымен бірге Н. Нұрмақов 400 миллион халқы бар есепсіз үлкен Қытай мемлекетінің талай заманнан бері ағылшын, француз, жапон сияқты жаулап алушылардың жемі болып келгенін, олар өз жерінде ешкім емес, тіпті мүлкіне де ие еместігін баса айтады. Қытайдың қожасы жиһангерлер (*жаулап алушылар – Ө.Қ.*), бар байлығы саудасы, пайдалы кәсіптері солардың қолында. Өз мемлекетінде Қытай жұртында теңдік жоқ, адам есебінде емес. Қытай жұртының қанын сорып семіріп отырған ағылшынның байлары, қолындағы иттерін қытайдан көп жоғары ұстайды. Олар Қытайдың тәртібіне, заңына бағынбайды, олар қытайға не істесе де ерікті. Осындай зорлыққа, қорлыққа шыдай алмай қытай жұрты көтеріліп отыр. 400 миллион жұрт бұдан былай бір уыс жиһангерлерге қол болып, мойнына мінгізіп, төбесіне табақ ойнаттырып отыра алмайтындығын көрсетіп, өздерін езуші жиһангерлерге қарсы күрес ашып отыр. Төңкерісшіл жұрттың көтерілісі күннен-күнге қаулап ілгері басып барады, сондықтан *«...қытай жерінде еркіндік туының көтерілуін дүние жүзінің еңбекшілері күтіп отыр»*[3,27]. - дейді. Ал Кеңестер Одағы – жер жүзіндегі тұңғыш еңбекшілер мемлекеті. Еңбекшілер табының мақсаты жаулап алушыларға күшті біріктіру, зорлық, құлшылықты жою, толық еркіндік теңдік, туысқандық заманын орнату. Кеңестер Одағының көздегені осы деп, он жылдан бері өз қожалығын құрған үкіметтің еркіндік, теңдік, ұлттар татулығын әкелетіндігін жер жүзі еңбекшілеріне үлгі ретінде ұсынады. Кеңес үкіметі жиһангершіліктен аулақ, жер жүзінде еңбекші езілгендердің шын дос екенін сөзбен ғана емес, іспен көрсетіп жүр. Сондықтан Кеңестер Одағының беделі жаулаушылардың алдында күнен-күнге өсіп бара жатқаны анық. Ағылшын жиһангерлерінің мұны көріп іші қайнап, әлі келсе Кеңес үкіметін жоқ қылуға даярланып отырған себебі де осы деп ойын сабақтайды[3,27]. Сонымен бірге басып алушыларға бірден-бір қарсы тұра алатын күш – бұл Кеңестер Одағы екендігіне өзінің сенімін білдіреді.

Н. Нұрмақов осы кітаптың **«Жиһангерлер кеңес үкіметімен соғысуға даярланып отыр»** деген бөлімінде сол кездегі Кеңес Одағының Коминтерндегі қызметті бүркемелеп кейбір мемлекеттердің ішкі жағдайына қалай араласып жатқанын көрсетеді. Оның ішінде: 1923 жылғы Германиядағы жұмысшылар көтерілісін қолдау, 1926 жылғы Англиядағы жұмысшылар ереуіліне материалдық көмек көрсету, капиталистік елдердің заңды үкіметтеріне қарсы күрес жүргізіп жатқан коммунистік партияларға саяси және материалдық қолдау жасау т.б. шаралары. Бұл КСРО және шетел мемлекеттерінің араларында көптеген дау-жанжал, дипломатиялық дағдарыстар туғызып отырды. Соның бірінің нәтижесінде 1927 жылы Англия Кеңес Одағымен дамып келе жатқан сауда және дипломатиялық шарттарды бұзып тоқтатып тастауы.

1926 жылы Польшада мемлекеттік төңкеріс болып билікке армияға сүйенген Юзеф Пилсудский басқарған авторитарлық жүйе орнады. Англия Польшадағы жағдайды пайдаланып Кеңес Одағымен батысты түпкілікті шағыстыру үшін әр-түрлі әрекеттерге барды. Осы оқиғалар Н. Нұрмақовтың еңбегінде: *«...Қатынасты үзумен қатар ағылшын қанышерлері қашық патшашылдық қолымен Польшадағы кеңестер үкіметінің елшісі Байков жолдасты өлтіріп отыр. Кеңестер Одағының басшыларын өлтіруге қару-жарақ қоймалары, фабрика-зауыттарын өртеп, бұзуға жіберген адамдары қолға түсіп отырғанын әр жерде ағылшын агенттерінің істеген зұлымдықтарын газеттерге жариялап үкімет хабарларынан жұрт естіп отыр. Мұндай сұмдықтар соғыс қауіпінің жақындағанын көрсетеді. Ағылшын ескішілдері Кеңестер үкіметін жойып, Ресейді баяғы қалпына түсіруге бет алды. Кеңестер үкіметі соғыс құмар емес, көздегені тыныштық, бар*

күшін-қуатын шаруашылық, мәдениет майданына, еңбекшілер тұрмысын жөндеуге жұмсап жатыр»[3,28] – деп суреттеледі

Ол сонымен бірге, осыларға жауап ретінде Кеңестер Одағы осындай іс-әрекетке барды деп, мына жайды баяндайды: «...Жиһангерлердің арандатқанына көнбей, талай істеген зорлықтарына (Пекин, Шанхай, Лондондағы елшілеріміздің талануы, Кеңестер Одағына күйе жақпақшы болып өтірік фалші қағаздар таратылуы сықылды істеріне) біздің үкімет татулық саясатымен жауап қайтарып, соғыс қатерін жоғалтуға, ең болмаса алыстатуға бар күшін салып келгені жұртқа мәлім. Тыныштық, татулық саясатын Кеңестер үкіметі бұдан былай да жүргізіп бағады. Егер ағылшын жиһангерлері жер жүзіндегі тұңғыш жұмыскерлер мемлекетін құрып, еңбекшілер мойнына капиталшыларды әкеліп мінгізбек, жаңа көзін ашып, көгеріп келе жатқан ұсақ ұлттарды таз қалпына түсіріп, шенеуніктердің табына салып бермек ойын тастамай, күшінен орындауға бет алып, ашық соғыс ашса. Кеңестер Одағының еңбекшілері не істемек? Қол қусырып байларға бас ұрамыз ба, жоқ адам айтқысыз қиыншылықпен, есепсіз көп қан төгіп мыңдаған жігерлі еңбекші табының ұлдарын құрбан қылып жеткен бостандықтарымызды сақтаймыз ба? Бұған жалғыз Кеңестер Одағының ғана еңбекшілері ғана емес, бүтін дүние жұмыскерлерінің беріп отырған жауабы мынау: *«Дүние жүзінде бостандық сәулетін түсіріп, азаматтыққа, теңдікке жол ашып отырған еңбекшілер Отанын, Кеңестер Одағын қорғауға басымызды құрбан қылуға даярмыз*

Еңбекшілердің бұл дауысын естігісі келмей, еркіндігін, социализмдік негізінде құрылған Отанын тегіс қорғауға даярлығын көргісі келмей, капиталшылар көзін жұмып, Кеңестер Одағының қорғанын сүземін(бұзамыз – Ө.Қ.)десе өзі білсін. Кеңестер қорғаны құлай ма, жоқ капиталдың миы шашылар ма, оны көрерміз. Тамыры шіріген капиталдың қирауынан еңбекші жұрттың күмәні болмаса керек және қиратуға бар күшін салып даярлану керек» - деп жазады. Бұдан байқайтынымыз Кеңестер Одағына деген оның көзқарасы, сенімінің жоғары тұрғанын да байқаймыз. Дегенмен, осы кезеңде Кеңес Одағының да сыртқы саясаты өзінің екіжүзділігімен де айқындала бастады. Оны да Н.Нұрмақов еңбегінде оңай байқаймыз. Осы кездегі халықаралық қатынастардың жаңа жағдайда дамуына жол ашылды. Бұл жол Кеңес мемлекетімен ірі капиталистік державалардың арасындағы шиеленіскен қатынастарға әкеп соқты. Социализм құруын жоспарлаған ірі Кеңес мемлекеті, отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың күшеюі, капиталистік державалар арасындағы алауыздықтар т.б. себептер халықаралық жағдайды ушықтыра берді.

Осындай қиын жағдайда Кеңес мемлекетінің идеологияға негізделген сыртқы саясаты **екі бағытта** дамытты. **Бірінші бағытта** *«пролетарлық интернационализм»* принципі іске асырыла бастады. Ол бойынша капиталистік мемлекеттердің отарларындағы еңбекшілерге **көмек көрсету ерекше міндет болып есептеледі.** Кеңестік Ресей енді көптеген мемлекеттердің **ішкі жағдайына араласып, «революцияны экспорттау»** саясатын ашық жүргізді. **Екінші бағыт** бойынша, *Кеңес мемлекеті капиталистік системамен бейбіт түрде қатынастарын дамытып, өзінің халықаралық аренадағы позициясын нығайтуды көздеді.* Ол үшін **саяси және экономикалық қатынастарды бастау және қалыптастыру мақсаты** қойылды.

Н. Нұрмақов болашақ соғыстардың бұрынғы соғыстардай болмайтындығын былайша көрсетеді. *«...Соңғы он шақты жылдың ішінде соғыс өнері адам айтқысыз ілгері басты. Есіл дерті бірін-бірі аңдуда, талауда біреуді қолдану, жерін отарлауға болған жер жүзінің жиһангерлері адам баласын қыруға неше түрлі өнер шығарып, айла тауып отыр. Болашақ соғыста бұрын көрмеген алыстан тиетін мылтықтар, пулеметтер, зеңбіректер, төбеден келіп неше түрлі дерт, оқ жаудыратын, сағатына бірнеше жүз шақырым ұшатын әуе кемелері, жұртты тұншықтырып қыратын улы газдар жұмсамақ»[3, 30].* Осы қаруды, соғыс өнерлерінің бәрін жаулар **1-ден,** Кеңестер Одағының еңбекшілерін қыруға жұмсайды, бізге олар қазып отырған көріне өздерін көмуге даяр болуымыз керек. **2-ден,** Кеңестер Одағының қазіргі шаруасы ірі соғыс жағдайына бейімделген **кәсіпорындарын ашу.** Н. Нұрмақов Кеңестер Одағы жаңа қару-жарақ шығару жағынан кейіндеу қалғанын атап өтеді.

«...Тіпті құр қол отырмыз деп айтуға әрине болмайды. Жан-жақтан анталап тиісіп, қайрап, жау қамап отырғанда ессіз, қамсыз, құр қол отыруға мүмкін емес. Еңбекшілер Отанын қорғау жұмысы бізге де шаруа түзелуімен қатар көп ілгері басты.

Жиһангерлердің қолындағы өнерелерден біз құр алақан отырғанымыз жоқ. Сондықтан артта қалғанымызды мойынға алып, кемшілікті толтыруға жатпай-тұрмай қам қылуымыз керек. Соғысқа даярлану жалғыз әскерді күшейтуде соғыс қару-жарағын көбейтуде ғана емес, шаруашылықты нығайту, өнерлі ірі кәсіпті молайту, ауыл шаруашылығын білім жолына салу жұмысын бұрынғыдан да күшейтуіміз керек. Әскерлердің күшті болуы да, қару-жарақтың мол болуы да жалпы шаруаға, оның ішінде, әсіресе өнерлі кәсіпке байлаулы. Сол себепті соғыстың қара бұлты түнеріп үстімізге жақындап келе қалғанда әрбір жұмыскер, еңбекші-диқан мойнындағы борышын өтей біліп, шаруаны ілгерілетуге бар өнерін, бар жігерін жұмсауы тиіс»[3, 30-31] – деп әрбір адамның қоғамалдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындауға шақырады. Әрине, осындай қарама-қарсы бағыттарды біріктіріп, жалпы негізі бар сыртқы саясатты жүргізу большевиктер үшін қиынға түсті. Өйткені олар таяу арада «дүние жүзілік революция» болуы мүмкін деген сенімдерінен де айырылмады. Сонымен қатар Кеңес үкіметінің басшылары капиталистік мемлекеттермен саяси және экономикалық қатынастарды дамыту керектігін де анық байқай бастады және сол үшін әртүрлі дипломатиялық шараларды іске асыруға тырысты.

Н.Нұрмақов **осоавиахим қоғамының міндетін** былайша көрсетеді. Еңбекшілер Отанын қорғау ісін күшейту ретінде ауыр жүк кеңес жұртшылығының мойнына артылады. Оның ішінде осоавиахим қоғамының міндеті өте-мөте ірі. Біздің бұл ұйым Кеңестер Одағын қорғауға дайындалу жолында көп жұмыс істеді. Ұйым өзінің істеген ісімен бір жағынан, Кеңестер Одағының соғыс күшін арттырса, екінші жағынан, ауыл шаруашылығын ілгерілеуіне көп жәрдем көрсетті.

Қазір соғыс қаупі күшейіп тұрған кезде «Осоавиахим» қауымының жұмысы бұрынғыдан әлденеше рет күшеюі тиіс. Зауыт, фабриктерде, ауыл-поселкелерде қоғамның ұяларын көбейтіп, жұмыскер, еңбекші, дихан, мал бағушы қара шаруаларды мүшелікке тартып, әскерлік өнер жайын таныстырып, олардан гөрі ашық саналы қорғаушылар дайындау біздің қоғамның ең ірі міндеті. Болашақ соғыс жалғыз әскер ғана емес, жалпы жұрт қатынасатын соғыс болмақ. Алысқа ұшатын әуе кемелері алдымен елдің үрейін алып, берекесін қашырып, шаруаны күйзелту үшін ел ортасына келіп улы газ, оқ тастаулары мүмкін. Сондықтан әрбір еңбекші үрейленбей, сасып-пыспай жауға қарсы тұрарлық, ең құрығанда өз басын, шаруасын сақтап қаларлық соғыс білімімен таныс болуы керек. Жалпы жұртты осы уақыттағы соғыстың жайымен таныстыру, еңбекшілер арасында әскерлік білімін тарату-біздің қоғамның міндеті, Болашақ соғыста басқа қару-жарақтың ішінде әуе кемелерінің орны ерекше болуы керек. Жиһангерлер мемлекеттері соғыс кемелерін көбейтуге жылында көп ақша жұмсайды. Осы күнгі дүние жүзіндегі ең ірі жиһангерлер мемлекеттері Ағылшын, Француз, Италия, Американың қолында 1913 жылы жүз елу-ақ аэорплан болған екен. Осы күнгі аэорланды үш мың 550-ге жеткізіп отыр. Біздің жауларымыздың күші қандай екенін осы сан да анық көрсетеді.

Сондықтан да біздер күшімізді жаудың күшіне қарай дайындауымыз керек. Кеңестер Одағы әуеде ірі бай мемлекеттердің бірінен әлсіз болуы мүмкін емес. Соғысқа дайындалғанда әуе кемелерін (ұшақтарды) күшейту негізгі міндеттердің бірі.

Бұл жөнінде де «осоавиахим» ұйымдарының істейтін істері көп. Кеңестер Одағы жалғыз мемлекет қаражатымен ғана соғыс өнерін күшейтіп, байлар мемлекетін қуып жете алмайды.

Мемлекет қаржысына қарайтын соғыс қамы ғана емес, артта қалған елдерді надандықтың құшағынан босату, ірі кәсіп орындарын молайту, мал, егін көтеру міндеттері де

мемлекет қаржысының мойнында. Осы керектің бәрі-бәріне түгел жететіндей Кеңестер Одағының қаржысы мол емес. Әуе кемелерінің санын көбейтуге керек қаражатты да мемлекет толық жеткізіп бере алмайды. Көптің жәрдемі керек. Біздің қоғам арқылы жиналған еңбекшілер күшінің арқасында бірқатар аэропандар салынды. Бұдан былай да жалпының жәрдемін жинап жұмыскер, қара шаруаның күшін, еркіндікті қара жүрек жиһангерлердің шабуылынан аман алып қалуға жұмсауды біздің қоғам өзінің ірі міндеттерінің бірі деп санау керек. Ел шетін жау таянып келгенде, бейпілдікті қалдырып, етек-жеңді жинап, белсенділікті үдетуге, «келсең кел, біз даяр» дегендей болып тұруға еңбекші табының көсемі коммунист партиясы «Осоавиахим» мүшелерін шақырады.

Партияның бұл шақыруына біз қашан да болса даярлығымызды ісімізбен көрсетуіміз керек деп жазады Н. Нұрмақов [3,33]. **Шындығында, КСРО болашақта болатын жойқын соғысқа XX ғ. 30-шы жылдардың басынан бастап дайындала бастады.** Тек ауыр өнеркәсіп қана емес, өмірдің түрлі-түрлі жақтары, идеология, бұқаралық ақпарат құралдары, тіпті орта білім беру салалары да осы кезде милитаризацияланды.

Жеделтетілген индустриализацияның арқасында 1930-шы жылдары КСРО-да қуатты ауыр өнеркәсіп пайда болды. Ол жедел түрде қару-жарақ өндірісіне ауыса алатындай етіп ұйымдастырылды. Бірақ соған қарамастан болат, шойын қорыту, көмір, электр энергиясын, химиялық өндіріс сияқты салаларда Кеңес Одағы артта қалып отырды. Алайда кейбір әскери техника өнім түрлерін жасап шығарудан Кеңес Одағы батыс елдерін (мысалы Германияны) артта қалдырған болатын (танкілер, ұшақтар, артиллериялық қару-жарақ, минометтер, оқ атар қару сияқтылар), бір сөзбен айтқанда **шабуылдаушы қаруды** шығаруда. Кеңес Одағының осал жағы – әскердің байланыс және басқару құралдарымен жарақтануы төмен деңгейде болды. Бұл жағынан сол Германиядан артта қалуы да елеулі болатын.

Бір айтатын мәселе – КСРО-да негізгі өндірістік қорлары мемлекеттік меншікте және экономикасы мемлекеттің қатаң қадағалауында болғандықтан өнеркәсіптің милитаризация деңгейі мен соғыс жағдайында жұмыс атқаруға қабілеті қандай да бір батыс елдерінің экономикасына қарағанда әлдеқайда жоғары болатын. Осындай саясатқа байланысты елдің экономикасының дамуында өз ерекшелігі байқалды және кеңестік экономикада милитаризациялау қадамдары анық көрінді, ал бұл жағдай КСРО халықтарының әлеуметтік жағдайының нашарлауына әкелді.

Әрине бұл жазғандарымыз Н. Нұрмақовқа байланысты 1930 жылдардағы еңбектеріне байланысты кейбір мәселелер ғана. Ол туралы әлі жазыла бермек...

Соңында айтарымыз, жетпіс жылдан аса созылған кеңес заманы еліміздің ғасырларға созылған ұлы тарихының бір белесі. Сол заманда өмір сүріп өздерінің игі қызметтерімен ел бостандығын, егемендігін жақындатқан аяулы азаматтарымыздың аттары мәңгі есте сақталуы және олардың ісі мен есімдерін болашақ ұрпақтарға жеткізу біздің парызымыз деп түсінеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмақов Н.Н. Кеңестер одағының сыртқы жайы және ОСО Авиакөмегінің міндеті. <https://kazneb.kz/en/bookView/view?brId=1535122&simple=true>.
2. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. -344 бет.
3. Нұрмақов Н. Шығармалар жинағы / Н. Нұрмақов. - Алматы: Алаш, 2005.- 280 бет.